

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.3 – Б.200-204

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ САБАҚТАСТЫҒЫ

Мешімбаева Б.Ш., Серікбаев Д.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», - делінген [1,10]. «Тұлғаның қалыптасуы» ұғымына баланың қоғамда өздігінен өмір сүруге қабілеттілігі, өзінің тағдырына өзі үкім ете білуі және өзінің мінез-құлқын жөнге сала білуі, сондай-ақ әлем мен өзінің қарым-қатынасын түсіне білу қабілетін меңгерген және құндылық атаулыны тұрақты тандай алатын деген сияқты дамудың шартты түрдегі жетістіктері енеді [2,11]. Сондықтан оқыта отырып тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналуда.

Қай заманда болмасын педагог-ғалымдар тәрбиелеудің заңдылықтарын зерттеу негізінде тәрбие үрдісінің құрылымы мен мағынасын ашуға, тәрбиелеудің жолдары мен тәсілдерін табуға ұмтылды. Педагогиканың негіздерін талдай отырып, осы бағытта көп еңбек сіңірген Я.А. Коменский, К.Д. Ушинский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинскийдің есімдерін атап өтуге болады. А.С. Макаренко тәрбиелеу арқылы балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді (адалдық, шыншылдық, ар-ұяттық, жауапкершілік, оқуға деген сүйіспеншілік) қалыптастыруға және олардың негізінде балалардың бойындағы кемшіліктерді түзетуге болатындығын айтады [3,36].

Бүгінгі жас ұрпаққа тәрбие беруде педагогика ғылымының дамуына үлес қосқан қазақтың белгілі философтары, ағартушы педагогтары Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтың еңбектерін басшылыққа алып отырудың маңызы зор. Мәселен, Ы.Алтынсариннің педагогикалық еңбектерінде көрініс тапқан мейірімділік пен ынтымақтастық қарым-қатынас Ыбырай шығармаларында өзіндік табиғатпен шыңдала түседі. Ы.Алтынсарин өзінің хрестоматиясына енгізген бірнеше әңгімелерінде («Мөлдір бұлақ», «Асыл шөп», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Атымтай Жомарт» т.б.) бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбиенің рөлі ерекше екенін айтты.

Жас өркендердің ұлттық рухпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейілінше сусындауына көңіл аудару жөнінде М. Дулатов былай айтқан еді: «Бастауыш мектепте алған тәрбиенің әсерлі, күшті, сіңімді болуы, қай халықтың

мектебінде болса да оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан, Һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсатына муафик үйретуден, осылай біліп, баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйреніп, керекті мағлұматтар алып шығады... Оқытудағы мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге тәрбиені қоса беру ...» [4,239].

Ж. Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісі» еңбегінде қазіргі көтеріліп жүрген этнопедагогика мәселелерінің элементтері бар. Мәселен, өткенді білу, тәлім-тәрбиені ұлттық этностың дүниетанымымен сабақтастыра қарауды басты критерий етіп көрсетеді. Қазіргі өмір мен өткен заманның байланыс заңдылықтарын анықтауды ел тарихын танудан бастау керектігіне ден қояды. Өмір заңдылығын ұлтпен, табиғатпен байланыстыру қазіргі педагогикада кең қолданыла бастады.

Сондай-ақ Ж. Аймауытов адам тәрбиесінің екі түрлі болатынын, дене тәрбиесі және жан (рух) тәрбиесі болып бөлінетіндігін атап көрсетеді: «Адам баласына дене тәрбиелеудің үстіне жан (рухын), ақылын, сезімдерін, жігер-мінезін тәрбие қылу керек... Адам баласының арасында ұрлық, зорлық, өтірік, алдау, талау сықылды неше түрлі бұзықтың көптігі тәрбиенің жетіспегендігінен» [5,133]. Автор ең алдымен бала тәрбиесіндегі отбасының ықпалына ерекше тоқталады: «Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт жас күнде көрген өнеге, ол өнеге – әке-шешенің тәрбиесі болу керек. Ата-ананың берген тәрбиесі баланың мінезіне салған ірге...» [5,137].

Ал М. Жұмабаевтың пікірінше, тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен әдеп-құлық тәрбиесі. Бала дұрыс тәрбие алу үшін ата-ана осы төрт тәрбиені орындап, «келешек заманына лайық қып шығару», – деу арқылы М. Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырғысы келеді [6,128,130].

Сонымен, педагогика ғылымы туралы түйіндер мен ойларды, ғылым қажеттілігін ойшылдар еңбегінен байқауға болады. Олардың қалдырған тәлім-тәрбиелік тағылымдарын қазақ тілі сабақтарында пайдалану үлкен нәтижеге жеткізері аян. Тіл арқылы ұлттық болмысымызды танып-білуге, құрметтеуге үйретуде педагогика ғылымының негізгі қағидаларын басшылыққа алынады. Нақтырақ айтқанда, ұрпақ тәрбиесіндегі басты мақсат – жеке тұлғаның адалдық, Отаншылдық сезімін, рухын қалыптастыру арқылы ел-жұртына адал қызмет ететін мамандар даярлау.

Әдістеменің педагогикалық негізі қазақ тілін меңгертумен бірге жалпы адамзат тәрбиесіне қатысты мәселелерді үйретуге негізделеді. Мұндай мәселелер қатарына мыналар жатады:

- 1) қазақ тілін оқытуда адам жанын ұғуға, тарихи тұлғалардан тәлім алуға ұмтылдыру, ізгілікке баулу;
- 2) болашақ маманның адамгершілік қасиеттерінің, сезімінің, көзқарасының қалыптасуына жағдай туғызу;
- 3) тіл арқылы халықты, ұлтты таныта білу, тіл үйренушінің өзіндік көзқарасын қалыптастыру;

4) тілді үйрете отырып, қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен таныстыру;

5) қоғамдағы өзгерістер мен әлеуметтік мәселелерге байланысты пікірін, ойын жеткізе білуге баулу;

6) кәсіби дүниетанымын кеңейтетін мазмұндағы материалдарды, ақпарат құралдарының хабарларын пайдалана білу.

Бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қатысты ең күрделі мәселе – бұл ұлттық және жалпы адамзаттық мәдени мұралар негізінде жастардың бойына ізгі қасиеттерді сіңіріп, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, рухани байлығын өсіру болып отыр. Жастар сонымен бірге өз елінің, туған жерінің тарихын білуі тиіс, өйткені тарих – халықтың өткен өмірінің айнасы, басынан кешкен тыныс-тіршілігі. Ол бүкіл адам баласының ғасырлар бойы жинаған тәжірибесін баяндайды. Тарих беттері батырлардың небір ғажайып ерлік істерінің шежіресіне толы. Бұл ерлік өнегелер теңдік, бостандық, бейбітшілік жолындағы табанды күрестерде дүниеге келді.

Оқыту мен тәрбиені ұлттық тәлімнің қағидалары негізінде жүргізу мақсатында халықтың салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы білім алушылардың бойында ұлтымызға, жерімізге және ұлттық мәдениетімізге деген шынайы сүйіспеншіліктерін қалыптастыру басты орын алады. Сондықтан ұлттық өнер атаулыны, ұлт мәдениетіне, тарихи ескерткіштерге деген ілтипатты күнделікті сабақпен байланыстыра меңгерткен ұтымды. Осыған орай Ш. Уәлихановтың мынадай пікірін келтіруге болады: «халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы бәрінен артық тілден көрініс табады. Өткенді қастерлеу және аңыздардың молдығы – терістік және Орта Азия көшпелі халықтарының ерекше қасиеті...» [7,306].

Халық тәрбиесінің тәжірибесі арқылы жастардың бойында ұлттық сезімді ұялатуда, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу оқу материалдарының тәрбиелік мазмұнына байланысты. Мәселен, сабақта берілетін мәтіннің білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаты келесі талаптардың дұрыс шешімін табуға мүмкіндік береді:

1) оқытылатын мәтіннің мамандықты қалыптастырарлық ақпараттық мағлұмат беруі;

2) көркем тілмен жазылған мәтіннің тәрбиелік мәнінің құндылығы;

3) тарихи деректердің нақты, анық, сенімді, тартымды болуы;

4) орындалатын тапсырмалар білім алушының білім деңгейіне сай келуі;

5) көркем әдебиеттен, тарихи құжаттан, мемуарлық әдебиеттен алынатын үзінділердің адамгершілік ұстанымдарды, алдыңғы қатарлы дәстүрді, ерлікті, тарихи қайраткерлердің тамаша қасиеттерін дәл, шындық тұрғысынан көрсете алуы;

6) халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен білім бере отырып, адамгершілік қасиеттердің, мінез-құлықтардың қалыптасуына әсер етуі.

Жас ұрпақты қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті, тарихы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, халық ауыз әдебиетінің озық үлгілері (мақал-мәтел, жаңылтпаш, қанатты сөздер, бата тілектері) жөнінде тәрбиелік мәні зор мәтіндермен

таныстыру, олардың мағынасын, мазмұнын айқындау білім алушының ой-өрісін кеңейтіп, пәнге деген көзқарасын, білімге құштарлығын тәрбиелейді.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің, қоғамдық, ағартушылық ойының даму тарихында ұлы ақын, кемеңгер ойшыл Абай Құнанбаевтың алатын орны ерекше. Ақын ғылым-білімді адамның нағыз адам ретінде қалыптасуының, мақсат-мұратқа жетудің, өсіп өркендеудің негізі деп білді. Данышпан ақын мұрасы қазіргі жас ұрпақтың рухани азығы, таусылмас қазына көзіне айналуы төл тіліміздің асыл қасиеті мен сөз құдіретінің халық жадында орнығып сақталғандығын танытады.

Ұлы ақын өлеңдері мен даналық қара сөздерінің өн бойында ұстаздық ілімнің қағидалары негізделген. Абайдың жеке адамның дамуы мен қалыптасуы жөніндегі көзқарасы ғылыми педагогиканың тұжырымдарымен сәйкес келеді.

Қай мәселені қозғап, қай шығарманы сөз қылғанда да, Абайдың өз заманында ең озат ой-пікірлердің, идеялардың жаршысы, халықты ағарту, жастарды еңбекке, ғылым-білім үйретуге баулу үшін күрескен қайраткер болғанын ашып көрсетуге болады. Бұл жөнінде З. Ахметов: «Абай поэзиясы – өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейтесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия», – деп жазды [8,3].

Абай мұрасын танып-білу, оның ішкі сырын, көркемдік құдіретін ашып көрсетуде, жас ұрпақтың рухани қазынасын молайту жолында, тәлім-тәрбие беру ісінде Абайдың қара сөздерінің маңызы зор. Абайдың қара сөздері – даналық сөздер, өйткені ол өмір туралы аз сөзге көп мағына сыйғызып, өзінің көзқарасын, дүниетанымын кейінгілерге қалдырып кетті.

Ұлы ойшыл өзінің «Жетінші сөзінде» білім, оны игеру, адам жанын тәрбиелеу туралы ой-пікірлерін ортаға салады: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, ыәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреу – білсем екен демелік. Не көрсе, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде, ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп: «Ол немене?», «Бұл немене?» – деп, «Ол неге үйтеді?», «Бұл неге бүйтеді?» – деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Абай жан деп адамның рухани байлығын айтады. Ақын адам баласының білсем, үйренсем деген ой, сезім, тілек, мүдделерін өрістету жолында талмай еңбек ету керектігін түсіндіре келіп, жастардың кертартпа, жаман мінездерден аулақ болуын тілейді. «Адамның адамшылығы жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан басталады...» - дей келе, Абай «сүйекте біткен мінез сүйекпен бірге кетеді» дейтін көзқарасты әшкерелеп, адам мінезі өзін қоршаған ортаға байланысты деген қорытындыға келеді /38-сөз/. Ақын өзінің 38-сөзінде: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік

болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана алла тағаланы танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана қайырымды іс пен зарарлыдан қашуды айырмалық секілді ғылыми-білімді үйренсе, білсе деп үміт қылмаққа болады,» – дегенді айтады. Осы мақсатқа жету үшін тапқан малды сарп етіп, ғылым табу керек деп ойын айқындай түскен. «Ғылымсыз ақырет те жоқ, дүние де жоқ», – дейді. Бұл ғұлама ұстаздың ағартушылық ойының түп қазығы. Сондай-ақ адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесіне ерекше тоқталады. «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен-өзің есеп ал!»/15-сөз/.

Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін: «Егер мен заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деп есептейді /37-сөз/. Жеке адамды қалыптастырудағы басты факторлардың бірі тәрбие екенін дәлелдейді. Пайдалы іспен шұғылданып, өнерге үйренуді, мамандықты игеруді уағыздаған Абай өзінің 33-ші қара сөзінде: «Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды», – деп жастардың сегіз қырлы бір сырлы болуын жақтайды.

Білімге ұмтылған жастар үшін ғұламаның тәлім-тәрбиелік мазмұндағы пайымдаулары мен түйгендері айрықша құнды. Ұлы Абайдың қара сөздерін оқыту студенттердің танымдық көзқарастарын қалыптастыруда, тілдік қатынастың қажетті сөздік қорын молайтуда, сонымен қатар адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететін маңызды құрал болып табылады.

Қазақстан азаматының адамгершілік тұлғасы туған елге деген сүйіспеншіліктен, оның жасампаз істерінен және болашағына деген сенімінен айқын көрінеді. Ал бұл қасиеттер оның алтын бесігінен ана сүтімен дарыған тәрбиесіне байланысты. Б. Момышұлы: «... сырын ашсақ, тәрбие ана сүтімен бірге сана-сезімге сіңіп, дағдыға, әдетке айналуы қажет. Үлкенді сыйлау, парыз бен ар-ұятты қасиет тұту, қоғамдық тәртіпті мүлтіксіз сақтау, заңға мойынұсынушылық, адамды бәрінен де ардақтау – адам бойында адамгершілік, Отанға, елге, халыққа, үй-ішіне, адамға, өмірге деген сүйіспеншілік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Өнегелі тәрбие алған адам Отанға берілгендік, әділдік, тәртіптілік сияқты жауынгерлік қасиеттердің негізін бойына сіңіреді», – дейді [9,163].

Елінің бостандығы, тәуелсіздігі үшін жанын пида етіп, қасық қанын төккен мыңдаған қазақтың батыр ұл-қыздарының ерлік істері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала бермек. Отанымызға қауіп-қатер төнгенде оларды алға ұмтылдырған күштің қайнар көзі – бала кезінен алған тәрбиесінде, бойына ана тілі, туған елінің асыл қазынасы, ауыз әдебиеті арқылы сіңген батырлық, Отанға деген сүйіспеншілік қасиеттер.

Сонымен, тәрбиелік мәні жоғары сабақ материалдары қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін, әдет-ғұрпы мен тарихын, алдыңғы қатарлы азаматтарын үлгі ететіндей тартымды болуы қажет. Тілдік материалдар

студенттердің қазақ халқын сыйлау сезімін оятуға, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етуі керек.

Бүгінгі таңда бүкіл оқу-тәрбие жүйесі халықтық педагогикаға негізделіп, қайта құрылып жатқанда, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттау, студенттердің тілін дамыта отырып тәрбиелеу – әрбір ұстаздың міндеті. Сондықтан әр педагог шәкіртіне білім нәрін сеуіп қана қоймай, ең бастысы, жастардың рухани байлығын молайтып, қабілет-қарымын анықтауға, жан-жақты тұлға ретінде тәрбиелеуге еңбектенеді. Жастар ата-бабаның тәлімді ісін, өнегелі өмірін қаншалықты жақын таныса, терең түсінсе, олардың парасат деңгейі, азаматтық өресі де соншалық биік болмақ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2030-стратегиялық бағдарламасының «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады. Олар, бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі, күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» - деп еліміздің тұтастығын, оның тыныштығын мемлекетімізге қауіп төндіретін қандай да болмасын ішкі және сыртқы күштерден сақтау міндетінің өзі жастарымыздың отаншылдық, елжандылық, патриоттық қасиеттері болып табылатынын атап көрсетті.

Тұжырымдай келгенде, халқымыздың асыл мұрасын бүгінгі ұрпақ санасына біртіндеп сіңіру, олардың бойына дарыту ұстаздық шеберлікті талап етеді. Ал ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, әлеуметтік-мәдени өзгерістерге қабілетті, ақыл-парасаты мол тәуелсіз Қазақстанның азаматы етіп тәрбиелеу – қоғам алдындағы борыш.

Әдебиет тізімі

- 1.Білім туралы: Қазақстан Республикасының заңы. – Алматы, 2000. –96б.
- 2.Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 1999. – 51б.
- 3.Макаренко А.С. Избранные педагогические сочинения: в 2-х томах /ред. кол. В.Н. Столетов и др., - М.: Педагогика, 1977. –400с.
- 4.Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. - 384б.
- 5.Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 304б.
- 6.Жұмабаев М. Таңдамалы (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). – Алматы: Ғылым, 1992. –272б.
- 7.Қазақтар. Көпшілікке арналған 9 томдық анықтамалық. IV том. Асыл сөз. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. –367б.
- 8.Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі.–Алматы: Ана тілі, 1995. – 272б.

9.Құнанбаев А. Шығармалар жинағы, I том. – Алматы: Жазушы. – 2001.- 336б.

10.Resuanova G.K., Albekova A. Sh, Muratbekova A.M., KukenovaG.A. Elektive disciplines as means of professional competence of future teachers//1097-8135 Life Scitnce Journal- Scopus CJR 2021 (Thomson Reuters), 2014.